

Докторантураның «Мемлекеттік басқару докторы» білім беру бағдарламасы

Мақсаты: Мемлекеттік органдардың, салалардың, аймақтардың және тұтастай алғанда елдің даму стратегиясын анықтай және жүзеге асыра алатын, сыни тұрғыдан ойлауға және тиімді басқару шешімдерін қабылдауға қабілетті кәсіби менеджерлер мен талдаушыларды даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- іс жүзінде мемлекеттік органның, саланың, аймақтың немесе елдің ауқымында стратегиялық, жедел және жобалық басқару құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін қамтамасыз етудің инновациялық тәсілдерін талдау және енгізу дағдыларын үйрету;
- сенімсіздік пен өзгеріс жағдайында басқару шешімдерін қабылдау қабілеттерін қалыптастыру;
- стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарға сәйкес нақты міндеттерді қою негізінде мемлекеттік органның жұмысын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларын үйрету;
- аналитикалық ойлау мен стратегиялық ойлау құзыреттілігін дамыту.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Синтез: мемлекет дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын құрады (ұйым, аймақ, сала)

Талдау: Ұйымның, аймақ немесе саланың даму баламаларын зерттейді және оңтайлы нұсқаны негіздейді

Қолдану: альтернативалар арасында басқару шешімдерін таңдауды ғылыми негіздейді;

Бағалау: ұйымның, саланың тәуекелдері мен даму мүмкіндіктерін ғылыми негіздейді және балама шешімдер ұсынады.

Құзыреттері бойынша:

Тиімді басқару. Стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарға сәйкес нақты міндеттерді тұжырымдау негізінде мемлекеттік органның жұмысын тиімді жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларына ие.

Ынтымақтастық. Стратегиялық мақсаттарға жету үшін әріптестерімен, басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен қарым-қатынас орнатуды біледі.

Көшбасшылық және стратегиялық көзқарас. Стратегиялық мақсаттарды іске асыруды үйлестіру және бақылау дағдыларына ие.

Клиенттерге бағытталғандық және ақпаратпен каматамасыз ету. Мемлекеттік органның сапалы мемлекеттік қызметтерді ұсынуын үйлестіру және бақылау дағдыларына ие.

Адалдық. Этикалық нормалар мен стандарттардың сақталуын бақылауды, ұжымда сенім мен құрмет атмосферасын құруды, әріптестер мен қызметкерлердің іс-әрекеттеріндегі ашықтық пен әділеттілік принциптерін сақтауды біледі.

Бастамашылдық. Мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін қамтамасыз етудің инновациялық тәсілдерін талдау және енгізу дағдыларына ие.

Шешім қабылдау. Қолда бар ресурстар мен ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, балама шешімдерді әзірлеуге қабілетті; қойылған мақсаттарға жету үшін стратегиялық деңгейде тиімді шешімдер қабылдау дағдыларына ие.

Жауапкершілік. Құрылымдық бөлімнің қызметін ұйымдастыруға жеке жауапкершілікті қалай алу керектігін біледі.

Тиімділік. Өзгерістерге дұрыс жауап беруді, болып жатқан өзгерістерді талдауды, жұмысты жақсарту үшін уақтылы шаралар ұсынуды және қабылдауды біледі.

Өзін-өзі дамыту. Өз құзыреттерін дамыта алады, қызметкерлері арасында оларды дамыту жөнінде шаралар ұсынады және қабылдайды.

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Зерттеу әдістері және дизайны	4,5
	Мемлекеттік сектордың тиімділігін басқару	4,5
	Қолданбалы экономика	4,5
	<i>Зерттеу семинары-I</i>	1,5
	1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	15
2	Мемлекеттік басқарудағы цифрлық технологиялар	3
	Мемлекеттік макроэкономикалық саясат	4,5
	Басқару технологиялары және басқару шешімдерін қабылдау	4,5
	Аймақтық менеджмент және стратегиялық жоспарлау	4,5
	Зерттеу семинары-II	1,5
	2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	18
3	Зерттеу семинары –III	2
	3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	2
4	Зерттеу семинары –IV	2
	4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	2
5	Зерттеу семинары –V	2
	5 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	2
6	Зерттеу семинары – VI	2
	6 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	2
Теориялық оқытудың барлығы		41
Қосымша білім берудің барлығы		231
	• Тәжірибе / тағылымдама («Эмпирикалық мәліметтерді жинау»)	13
	• Докторанттың эксперименттік жұмысы	80
Докторлық диссертацияны орындау		120
Докторлық диссертацияны ресімдеу және қорғау		14
МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		268